

**"Газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 748 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 824 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 454 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 23 қарашадағы № 78 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 қарашада № 17796 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 748 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 824 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13031 болып тіркелген, 2016 жылғы 17 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парақтарын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мына:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тауарлық, сұйытылған мұнай және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндірушілері; өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар; Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелері; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде

Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелеріне қатысты тексеру парағының нысаны;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ұлттық операторға қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес газ желісі ұйымдарына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес газ тарату ұйымдарына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес газ тасымалдау ұйымдарына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес газ толтыру пункттерінің және автогаз құю станцияларының иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес автогаз толтыру компрессорлық станцияларының иелеріне қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес сұйытылған мұнай газы мен тауарлық газдың өнеркәсіптік тұтынушыларына қатысты газ және газбен жабдықтау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.";

қосымша осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Бозымбаев

Қазақстан Республ  
Ұлттық экономика  
міндетін атқаруш  
\_\_\_\_\_ 1

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитеті

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 454 және

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 78 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 748 және

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 824 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## Тексеру парағы газ және газбен жабдықтау саласындағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

**тауарлық, сұйытылған мұнай және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндірушілері; өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін**

**Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар; Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелері; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелеріне қатысты**

бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	<p>Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға басым құқығын сақтау, мыналарды қоспағанда:</p> <p>1) автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және өнеркәсіптік тұтынушылардың газ тұтыну жүйелерін иеліктен шығаруға;</p> <p>2) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға түсетін акцияларды иеліктен шығаруға;</p> <p>3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және (немесе) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері-заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін):</p> <p>қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесіне тиесілі болатын еншілес ұйымға;</p>				

	<p>әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге ;</p> <p>4) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде 0,1 пайызына тікелей немесе жанама түрде ( үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісінің меншік иесі-заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) беруге</p>				
2	Жер қойнауын пайдаланушыларға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды, сондай-ақ өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген және өздеріне тиесілі тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын сақтау				
3	Шикі және (немесе) тауарлық газды иеліктен шығаруды жүргізуге ниеті бар жер қойнауын пайдаланушылар уәкілетті органға мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператордан сатып алатын шикі және (немесе) тауарлық газдың шекті бағасының құжатпен расталған есеп-қисаптарын келесі жылдың 1 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде сараптамаға жіберілуін сақтау				
4	Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және (немесе) тауарлық газдың уәкілетті орган бекіткен бағасынан асырмауды сақтау				
5	Шикі және (немесе) тауарлық газды иеліктен шығаруды жүргізуге ниеті бар жер қойнауын пайдаланушылар жоспарланған кезең басталғанға дейін бес айдан кешіктірілмейтін мерзімде, ұлттық операторға: <ul style="list-style-type: none"> <li>1) иеліктен шығарылатын шикі және (немесе) тауарлық газдың көлемін ;</li> <li>2) иеліктен шығарылатын шикі және (немесе) тауарлық газдың бағасын ;</li> <li>3) шикі және (немесе) тауарлық газдың жеткізілу пунктін көрсете отырып, коммерциялық ұсыныс жіберуді сақтау</li> </ul>				
6	Қазақстан Республикасына тиесілі ілеспе газдан тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын өндіретін жер қойнауын пайдаланушылар уәкілетті органның шешімі бойынша тараптар келіскен бағамен газ және газбен жабдықтау саласындағы әріптестік шеңберінде одан әрі пайдалану үшін тауарлық газды ұлттық операторға немесе тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын тартылатын инвесторға беруді сақтау				
7	Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газы ғана берілу талабын сақтау.				
8	Тауарлық, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды өткізу, есепке алудың бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып жүзеге асыру талабын сақтау				

9	Тұмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын пайдалануда артықшылық құқығын сақтау				
10	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізуде белгіленген шекті бағаларды немесе Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын электрондық сауда аландарынан тыс өткізуді жүзеге асыруда белгіленген шекті бағаларды сақтау				
11	Тауарлық газды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыруда уәкілетті органға тауарлық, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей ұсыну талабын сақтау				
12	Өндірушілердің уәкілетті органға: 1) тауарлық және сұйытылған табиғи газды өндіру жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен к е ш і к т і р м е й ; 2) тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемін жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну талабын сақтау				
13	Сұйытылған мұнай газын өндірушілер уәкілетті органға: 1) меншікті сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы; 2) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсутек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы; 3) сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу ж ө н і н д е г і ; 4) өнім беру жоспарынан тыс сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөнінде ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей беру талабын сақтау				
14	Өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері уәкілетті органға өнім беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей ұсыну талабын сақтау				
15	Сұйытылған табиғи газды көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға сұйытылған табиғи, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей ұсыну талабын сақтау				
	Тауарлық газды көтерме саудада өткізуге тиым салудың сақталуы, мыналардан басқасы: 1) тауарлық газды өндірушілер; 2) өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын				

16	<p>п а й д а л а н у ш ы л а р ;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелері;</p> <p>4) тауарлық газ ұлттық операторға және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге өткізілген жағдайларда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері</p>				
17	<p>Тауарлық газды бөлшек саудада өткізуге тиым салуды сақтау, мыналардан басқасы, газ тұтыну жүйелері магистральдық немесе жалғастырушы газ құбырына тікелей қосылған өнеркәсіптік тұтынушыларға тауарлық газ бөлшек саудада өткізілген жағдайда, тауарлық газды өндірушілер, өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелері</p>				
18	<p>Сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге өз бетінше не сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды тасу жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларды тарта отырып тасуға тиым салуды сақтау, мыналардан басқасы:</p> <p>1) сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды ө н д і р у ш і л е р ;</p> <p>2) өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының және (немесе) сұйытылған табиғи газдың меншік иелері ;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасуды жүзеге асыруға ниет білдірген оның иелері;</p> <p>4) өнім беру жоспарынан тыс заңды негіздерде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында аталған тұлғалардан тікелей сатып алынған сұйытылған мұнай газының меншік иелері</p>				
19	<p>Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу талабын сақтау , мыналардан басқасы :</p> <p>1) сұйытылған мұнай газын өндірушілер;</p> <p>2) өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері;</p> <p>3) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелері;</p> <p>4) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерге өткізілген жағдайда – өнім беру жоспарынан тыс заңды негіздерде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында аталған тұлғалардан тікелей сатып алынған сұйытылған мұнай газының меншік иелері</p>				

20	Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерге өткізу құқығына тиым салу талабын сақтау, мыналардан басқасы: 1) сұйытылған мұнай газын өндірушілер; 2) өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; 3) өнім беру жоспарынан тыс заңды негіздерде 1) және 2) тармақшаларында аталған тұлғалардан сатып алынған сұйытылған мұнай газының меншік иелері				
21	Ішкі нарыққа сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын орындау				
22	Сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді тиым салуды сақтау, мыналардан басқасы, сұйытылған мұнай газы өнеркәсіптік тұтынушыларға бөлшек саудада өткізілген жағдайда, өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газын өндірушілер, оның меншік иелері, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сұйытылған мұнай газының меншік иелері				
23	Газ тұтыну жүйелері магистральдық немесе жалғастырушы газ құбырына тікелей қосылған өнеркәсіптік тұтынушыларға тауарлық газ бөлшек саудада өткізілген жағдайда, тауарлық газды өндірушілер, өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелері				
24	Тұтынушылардың жекелеген санаттарын тауарлық газбен артықшылық қамтамасыз ету талаптарын сақтау				

Лауазымды адам (адамдар)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Бақылау субъектісінің басшысы

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 454 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 78 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша



Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 748 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 824 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

## Тексеру парағы газ және газбен жабдықтау саласындағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес  
**ұлттық операторға қатысты**

бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы  
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Тауарлық газдың іркіліссіз тасымалдануын және сақталуын, оның ішінде газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарымен шарттар жасасу арқылы қамтамасыз ету				
2	Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің технологиялық жұмыс режимін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды қамтамасыз ету				
3	Үкілетті органға Қазақстан Республикасының аумағында тауарлық газды тасымалдау, сақтау және өткізу жөніндегі, мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде шикі және тауарлық газды сатып алу жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын ұсыну				

4	Тауарлық газды тасымалдау режимдерін басқару мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша шектес мемлекеттердің газ тасымалдау жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету				
5	Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіндегі тауарлық газды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету				
6	Заңда белгіленген шарттармен тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне қосылған тұтынушыларды тауарлық газбен іркіліссіз жабдықтауды қамтамасыз ету				
7	Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасына сәйкес тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін салуды, пайдалануды, жаңғыртуды және (немесе) реконструкциялауды қамтамасыз ету				
8	Ұлттық оператордың немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық операторға тиесілі газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымдарының меншігіндегі тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін уәкілетті органмен келісім бойынша иеліктен шығару талаптарын сақтау				
9	Мемлекеттің тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің иеліктен шығарылатын объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерін және тауарлық газбен жабдықтау немесе одан бас тартудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға артықшылықты құқығын іске асыру бойынша талаптарды сақтау				
10	Жер қойнауын пайдаланушыларға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды, сондай-ақ өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген және өздеріне тиесілі тауарлық газды сатып алуға артықшылықты құқығын іске асыру бойынша талаптарды сақтау				
11	Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі немесе тауарлық газдың уәкілетті орган бекіткен бағасы және сараптамасының болуы				
12	Шикізат ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік тұтынушыларға шикі газды өткізуді қоспағанда, тұтынушыларға тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын ғана беру талаптарын сақтау				
13	Тауарлық газды, оларды есепке алудың бақылау аспаптары арқылы міндетті түрде өткізе отырып, сату бойынша талаптарын сақтау				
14	Тауарлық газды пайдаланудың артықшылық құқығына тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар ие болуын сақтау				

15	Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізуде белгіленген шекті бағаларды сақтау				
16	Тауарлық газды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға тауарлық, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей ұсыну талабын сақтау				
17	Уәкілетті органға: 1) тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау және оны тауарлық газ қоймаларында сақтау көлемдері туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей; 2) мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде сатып алынған шикі және тауарлық газдың көлемдері туралы мәліметтерді жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан кешіктірмей; 3) Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсыну талабын сақтау				
18	Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудегі салынған тиымды сақтау				
19	Тауарлық газды тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде оның көлемін есепке алуды жүзеге асыру талабын сақтау				
20	Сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге өз бетінше не сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды тасу жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларды тарта отырып тасуға салынған тиымды сақтау				
21	Сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізуді жүзеге асыру бойынша тиымды сақтау				
22	Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерге өткізуді жүзеге асыру бойынша тиымды сақтау				
23	Сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыруы бойынша тиымды сақтау				

Лауазымды адам (адамдар)

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Бақылау субъектісінің басшысы

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 454 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2018 жылғы 23 қарашадағы  
№ 78 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 748 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 824 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

## Тексеру парағы газ және газбен жабдықтау саласындағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес  
**газ желісі ұйымдарына қатысты**

бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы  
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Өндірістік-техникалық базаға меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттардың болуы; жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттар; электрондық үкімет порталынан жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауырпалықтар) және оның техникалық сипаттамасы туралы анықтамалар;				

	газ толтыру станциясын және топтық резервуарлық қондырғыларды жалға алу немесе сенімгерлікпен басқару шарттары (бар болған жағдайда)				
2	Аумағында төгу-қю теміржол эстакадасы, толтырғыш бағандар, баллондардың сорғы-компрессорлық бөлімшесі, төгу-қю бөлімшесі, баллондарды техникалық куәландыру және жөндеу учаскесі, баллондарды сақтауға арналған ашық және/ немесе жабық түрдегі қоймалар, жалпы көлемі кемінде 600 м3 сұйытылған мұнай газын сақтауға арналған резервуарлар, газды есепке алу аспаптары, су ағынды сорғылармен жарактандырылған суы бар өртке қарсы сыйымдылықтар және/немесе су қоймасы орналасқан газ толтыру станциясының болуы				
3	Топтық резервуарлық қондырғылардың болуы				
4	Газ толтыру станциясының техникалық процесіне басшылықты (техникалық басшы); өрт қауіпсіздігін; өнеркәсіптік қауіпсіздікті; сұйытылған мұнай газын есепке алуды жүргізуді; авариялық-диспетчерлік және жөндеу өтінімдерін орындауды қамтамасыз ететін қызметтердің және (немесе) жауапты адамдардың болуы				
5	М ы н а д а й : 1) техникалық басшылар үшін – мұнай-газ, газбен жабдықтау саласында жоғары білімі, кемінде екі жыл мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар; 2) инженерлік-техникалық қызметкерлер үшін – атқаратын лауазымына сәйкес кем дегенде арнайы орта білімі бар біліктілік құрамының болуы				
6	Аварияларды жою жоспарының болуы				
7	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен тіркелген қауіпті өнеркәсіп объектісінің қауіпсіздік декларациясының болуы				
8	Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы				
9	Тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар, тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын пайдалануда артықшылықты құқығына ие болуын сақтау				
10	Газ тарату жүйесіне немесе топтық резервуарлық қондырғысына қосылған тұтынушыларды тауарлық немесе сұйытылған мұнай газымен іркіліссіз жабдықтауды қамтамасыз ету шарттарын сақтау				
11	Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу туралы куәліктің болуы				
12	Тауарлық газды көтерме саудада өткізу бойынша салынған тыйымды сақтау				
13	Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу бойынша салынған тыйымды сақтау				
	Сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге өз				

14	бетінше не сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды тасу жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларды тарта отырып тасу бойынша салынған тыйымды сақтау				
15	Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерге өткізу құқығы бойынша салынған тыйымды сақтау, мыналардан басқасы: 1) өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері; 2) өнім беру жоспарынан тыс заңды негіздерде сатып алынған сұйытылған мұнай газының меншік иелері				
16	Газ желісі ұйымдарының арасында сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу бойынша салынған тыйымды сақтау				
17	Сұйытылған мұнай газын одан әрі өткізу мақсаттары үшін өнім беру жоспары шеңберінде оны сатып алуды жүзеге асырған тұлғалар сатып алынған сұйытылған мұнай газын тек қана Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізу міндеті бойынша талапты сақтау				
18	Топтық резервуарлық қондырғыларды пайдаланатын газ желісі ұйымы олардың сақталуын және жарамды техникалық күйде болуын қамтамасыз етуге міндеттілігі бойынша талапты сақтау				
19	Сұйытылған мұнай газын тұтынушыларға топтық резервуарлық қондырғылар арқылы бөлшек саудада өткізу тұтынушы мен газ желісі ұйымының арасындағы сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу шартының негізінде жүзеге асыру				
20	Тұрмыстық баллондардағы сұйытылған мұнай газын сатып алатын тұтынушыларды абоненттік есепке алуды жүзеге асыру				
21	Тұрмыстық баллондарды газ желісі ұйымының тауарлық белгісімен таңбалауды жүзеге асыру				
22	Сол бір ғана газ толтыру станцияларын екі және одан да көп газ желісі ұйымдарының бір мезгілде пайдалануына жол бермеу				
23	Сұйытылған мұнай газын өткізуге арналған газ толтыру пункттері мен автогаз құю станцияларын екі және одан да көп жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бір мезгілде пайдалануына жол бермеу				
24	Жеке есепке алу аспаптары болмаған, олар жарамсыз не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмеген жағдайда – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекітетін тұтыну нормалары бойынша көлемдік әдіспен өндірілетін топтық резервуарлық қондырғылар арқылы тұрмыстық тұтынушыларға өткізілетін жағдайды қоспағанда, есепке алу аспаптары бойынша тұтынушыларға өткізілетін сұйытылған мұнай газын есепке алу талаптарын сақтау				

25	Автогаз құю станцияларындағы, газ толтыру станцияларындағы, газ толтыру пункттеріндегі және топтық резервуарлық қондырғылардағы тұтынушымен сатылатын сұйылтылған мұнай газын есепке алу тәртібі талаптарын сақтау				
